

**«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім
бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық
мекемесі**

**2025-2026 оқу жылында Республикалық «Мектепке жол» акциясының
өткізілуі туралы**

2024-2025 оқу жылында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында «Мектепке жол» Республикалық акциясы өткізілді.

Жоспарға сәйкес «Қайырымдылық акциясы» туралы мектеп сайтына мектептің әлеуметтік желілердегі парақшаларына (ақпараттар салынып, хабарландырулар ілінді. Ата-аналар мен оқушылар, демеушілер үшін «Мектепке жол» акциясы туралы тақырыптық баннер ілінді.


Акция барысында көмекті қажет ететін оқушыларға қамқорлық жасайтын мемлекеттік органдар мен ұйымдары тартылды.

Мектеп әкімшілігі атынан Ақжар әкімдігіне әлеуметтік статуска ие оқушыларға мектеп формасы, мектеп сөмкесі және кеңсе құралдарымен қамтуға 5 оқушыға сұраныс беріліп, нәтижесінде Ақжар ауылдық әкімдігі сұраныс хатты қанағаттандырды. Оқушылар арасынан 1 оқушыға мектеп сөмкесі және мектеп құралдары берілді.

Акцияға демеушілерді тарту жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде қамқоршылық кеңестің төрағасы С.А.Дүмшебаев 1 оқушы қаржылай көмек (жалпы сомасы 10 000 тг.), мектеп сөмкесі және мектеп құралдары және Ауыл азаматы Бейсембек Нұржау 1 оқушы қаржылай көмек (жалпы сомасы 10 000 тг.), мектеп сөмкесі және мектеп құралдары берілді.

«Мектепке жол» акциясы аясында оқушыларға «Жалпыға бірдей білім беру» қорынан әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілуде. Әлеуметтік қолдау жұмыстарын ұйымдастыру мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсету ұйымдастырылуда.

Әлеуметтік педагог



Ж.Қ.Толжарасова